



РУХАНИ
ЖАҢҒЫРУ

Сыр бойы



22

ШІЛДЕ
СЕНБІ

2017 ЖЫЛ
№108-109 (19394-19395)

ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСТЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ www.syrboyi.kz

1929 жылдың 1 шілдесінен шығады

● АЙМАҚТЫҚ СЕМИНАР-КЕҢЕС

ҰЛТТЫҢ ҰЛЫ ТҰҒЫРНАМАСЫ

Кеше облыс әкімдігінде Елбасының «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламалық мақаласын түсіндіру мақсатында аймақтық семинар-кеңес өткізілді. Жиынға облыс әкімі Қырымбек Көшербаев, ҚР Президенті Әкімшілігінің Ішкі саясат бөлімінің меңгерушісі Аида Балаева, Оңтүстік Қазақстан облысының делегациясы, жергілікті басқарма басшылары мен аудан әкімдіктерінің өкілдері, ақпараттық топтардың мүшелері қатысты. Семинарды облыс әкімі ашып, оның жұмысына сәттілік тіледі.

– Сыр өңірі – Елбасы «Алаштың анасына» балаған, ұлы ойшыл Қорқыт Ата дүниеге келген, ежелгі шығыс өркениетінің орталығы, түркі мәдениетінің алтын көмбесі болған, адамзаттың айға ұшар арманы орындалған өміршең өлке. Еліміздің өзге де өңірлері секілді мемлекеттілігіміздің қалыптасу тарихының талай іздері сақталған аймақ, – деген облыс басшысы өңір тарихын тілге тиек етті.

Аймақ басшысы облыстың ежелгі тарихымен, бірнеше мемлекеттің орталығы болуымен тәуелсіз Қазақстанның төл тарихын толықтырып отырғанын атап өтті. Сыр өлкесінің өзінде билік құрған сақтардың ордасы Шірік Рабат, оғыздардың астанасы Жанкент, қыпшақтардың және қазақ хандығының бірінші астанасы Сығанақ – осы жердегі ежелгі мәдениеттің дәлелі болса, Қызылорда қаласы – Қазақ Республикасының тұңғыш астанасы. Тіпті, бұл өңір – 1925 жылы ұлтымыздың қазақ деген атауға ресми түрде ие болуының тарихи белгісі екенін көпшілікке жеткізген облыс әкімі қазіргі уақытта өзектілігі айрықша мәнге ие болып отырған идеологиялық мәселелерге қатысты ауқымды кеңестің осындай тарихы мен мұрасы бай өңірде өткізілуіне үлкен мән беріп, қолдау білдіргені үшін ҚР Президенті Әкімшілігіне ризашылығын білдірді.

Сонан соң облыс басшысы Елбасының «Егемен Қазақстан» газетінде жарық көрген «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты бағдарламалық мақаласына тоқталды.

Ел Президентінің бұл мақаласы – Мәңгілік еліміздің



мақсат-мұратын жүзеге асырудың түп негіздерін, рухани жаңғыруымыздың негізгі бағыттарын айқындап берген ұлт жадының тұғырнамасы деуге болады. Осы ретте, мақалада көтерілген әрбір мәселе әр қазақтың, қазақстандықтың жүрегіне жол тапқан кемел ойдан туған кеменгер шешім екені даусыз. «Мәдени мұра» бағдарламасы аясында ел аумағында қаншама тарихи-мәдени ескерткіштер мен нысандар жаңғыртылған болса, соның ішінде Сыр өңірінде бұл жұмыстар жүйелі жүргізілді. ЮНЕСКО-ның Дүниежүзілік мұраларының алдын ала тізіміне облыс аумағындағы 9 ескерткіш – Сығанақ, Жанкент, Кескен-күйік, Шірік-Рабат, Бәбіш-молла, Жент, Баланды қалашықтары, Жетісар мәдениеті ескерткіштері мен Сауыскандық петроглифтері енгізілді. «Халық – тарих толқынында» бағдарламасы аясында облыс архивтері Орынбор, Ташкент, Тәжікстан, Париждің мемлекеттік архивтеріндегі аса құнды тарихи құжаттармен толығып, өңірдің өткен тарихын айқындай түсті. Сонымен қатар, облыс әкімдігінің қолдауымен Байқоңыр қалалық архиві ашы-



лып, Қазақстан-Ресей Үкіметаралық комиссиясының 4-ші отырысының нәтижесімен 1000-ға жуық архивтік құжат елге қайтарылды.

«Рухани жаңғыру» бағдарламасын Қызылорда облысында іске асыруға бағытталған іс-шаралар жоспары бекітіліп, жоспар аясында ағымдағы жылы ұйымдастырылатын шараларға бүгінгі күні бекітілген бюджетке сәйкес 460 млн 123 мың теңге қаржы қаралып отыр. Есепті мерзімде өңірімізде 159 ірі көлемді шара осы жоспарға сәйкес өткізілді. Аймағымызда облыстық ақпараттық-насихаттық топ құрылып, сәуір айынан бастап барлық елді мекендерде тұрғындармен тұрақты кездесу өткізілуде. Мемлекеттік ақпараттық саясатты сапалы әрі жемісті жүргізу мақсатында облыстық, қалалық және аудандық БАҚ-ты бір орталыққа біріктіріп құрылған медиа-холдинг бұл жұмысты жоғары деңгейде жүргізіп отыр. Сонымен қатар, жергілікті атқарушы органдардың жұмысын дер кезінде халыққа жеткізіп отыру үшін өңірлік коммуникациялар қызметі жұмыс жасайды. Оның алаңында ай сайын қала

және аудан әкімдерінің, мемлекеттік орган басшыларының, зиялы қауым өкілдері, үкіметтік емес ұйымдар, этномәдени бірлестіктер, сарапшылардың қатысуымен брифингтер өтуде. Сұлу Сырдың сол жағалауынан бой көтеретін жаңа қаланың құрылысы басталды. Сол аумақтан әлеуметтік-инженерлік инфрақұрылым объектілерімен бірге жастар орталығы, неке сарайы, «Болашақ» университетінің, көпсалалы денсаулық сақтау орталығының және Қазақ Орталық Атқару комитеті ғимаратының үлгісі бой көтереді. Қазақ Орталық Атқару комитетінің тарихи ғимаратында музеймен бірге Елбасының рухани жаңғыру бағдарламасынан туындайтын міндеттерді жүзеге асыратын аймақтық Рухани жаңғыру орталығы қатар орналасатын болады. Қазақ халқының өсіп-өркендеуіндегі арадағы бір ғасырлық уақыт осылайша бір-бірімен сабақтасып, рухани жалғасын таппақ. Сонымен бірге, Сырдария өзенінің сол жағалауынан Жастар ресурстық орталығының жаңа ғимараты бой көтереді.

2-бет

«БАЙҚОҢЫРДЫҢ» ЕКІНШІ ТЫНЫСЫ

«Юбилейный» аэродромының аумағында ғылыми-техникалық парк құру, ұшақпен тікұшақ жинақтайтын ірі тораптық орталық ашу, сонымен бірге энергетика мен халық шаруашылығы үшін газ-турбиналық двигателдер өндірісін іске қосу мәселелері 19-20 шілдеде Мәскеуде «МАКС-2017» авиағарыштық салонында өткен Ресей және Қазақстан тараптарының жұмысшы келіссөздерінде талқыланды.

Ағымдағы жылдың 19-20 шілдесінде ҚР Премьер-министрінің бірінші орынбасары Асқар Мамин бастаған делегация құрамында облыс әкімі Қырымбек Көшербаев Мәскеу қаласында РФ Үкіметі Төрағасының орынбасары Дмитрий Rogozin бастаған ресейлік әріптестерімен жұмыс барысындағы келіссөздер жүргізді.

Кездесу барысында тараптар Байқоңырдың ғылыми-техникалық, әскери-өнеркәсіптік және өндірістік қуатын бірлесіп дамытудың мәселелерімен уағдаласты. Сонымен бірге, Қазақстан делегациясы бұл күндері Жуковский қаласында өтіп жатқан «МАКС-2017» авиағарыштық салонын аралап көрді.



ҚЫЗЫЛОРДАДА ЖАҢА ҚОНАҚ ҮЙ АШЫЛДЫ



Қызылорда қаласының орталығында «Sultan Plaza» атты қонақ үйдің ашылу салтанаты өтті.

Қонақ үйдің құрылыс жөніндегі жетекшісі Сабыр Сейітханов нысанның презентациясын жасады.

– Біздің қонақ үйде 80 нөмір бар: 1 – президенттік, 1 – VIP, 8 – люкс-санатты және 70 – стандартты бөлме. Сонымен қатар қонақ үйде фитнес залы, бассейн, сәулеулік салоны, 400 орындық конференц зал және 300 орындық мейрамхана бар. Қонақ үйде 120 адам жұмыспен қамтылады, – деді С.Сейітханов.

Салтанатты шараға Қызылорда облысының әкімі Қырымбек Көшербаев қатысты.

Жалпы алғанда облыстың туристік әлеуеті жыл өткен сайын артып келеді. Аймақта туристік нысандарды дамыту бойынша белсенді жұмыстар атқарылууда. Мәселен, соңғы бірнеше жылда Қармақшы ауданында этноауыл, Арал ауданында «Қамбаш» туристік аймағы ашылып, облыстық тарихи-өлкетану музейіне реконструкция жұмыстары жүргізілді. Сондай-ақ, Жанкент, Шірік-Рабат, Сығанақ секілді көне қалаларға археологиялық зерттеу жұмыстары жүргізілуде.

Женібек АЙЫМҚҰЛОВ.
Нұрболат НҰРЖАҒЫБАЙ
(сурет).

АЛАПТЫ ЕРДІҢ ҚАДАМЫ

● КӘСІП

Әр адамның өз бейіміне қарай тірлік етуі түбінде жетістікке жеткізуге тиіс. Әрине, ол үшін ерінбей еңбек етумен қатар мақсаткерлік, көлденен кезіккен кедергіге мойымау және де қазіргі өмір сүріп отырған ортамыз нарықтың қатал кезеңі ғой, сондықтан есеп білу керек екендігі ақиқат. Бұл Әлжанның осы жасқа келгенше түйген ойы. Кім болса да, ата-анасын, туған жерін таңдай алмайды ғой, бұл азаматтың жігіт болып жетілуі айналасың аласапыран, қоғамның ауыспалы кезеңіне тап келіпті. Бұрынғы ірі шаруашылықтар тарқап, олардың орнының шағын шаруа қожалықтары алмастырғандай кезеңде жас түгілі үлкендердің өзі анттарылып қалған жоқ па?!

Осылай айлар мен жылдар жылжып өте берді. Бір күні өз ауылдағы бір механизматор болған ауылдас ағайынның темір дөңкерлеуші алып, түрлі шаруаларды өзі атқарып жүргенін аңғарды да, мұның да ойына осы кәсіппен шұғылданып көру келе қалғаны. Осылай қолында аппараты барлармен жұғыса жүріп, темір дөңкерлеуді үйренді. Осы істің нағыз шеберлерінен де тәжірибе алмасты. Содан базардан арзанқолдау темір дөңкерлейтін аппарат сатып алып, әуелі өз ауысындағы қора-қосынның есіктерін жасап көрді. Бір қарағанда жаман шықпаған секілді, сонан соң темір шарбақтарды жаңалап байқады. Бұл енді тіптен жарасымды болған секілді.


Әлжанның темір дөңкерлеудегі талпынысы құмарлыққа, онысы кәсіпке айнала бастады. Базарлы қатынастың шартын түсіне бастаған ауылдастары атқарылған жұмыс үшін рақметін айтумен бірге, шебердің қолына бірдене қыстыра кетуді де ұмытпады. Аздап болса да қолға тиген қаржы Әлжанның өзінің жаңа кәсібін кеңейтуге мүмкіндік бергендей. Оның үстіне әкесі Әріпхан да сөзбен жігерлендірді. Қанша дегенмен, көпті көрген, көнекөз кісі емес пе?! Міне, содан бері де жеті жыл зырып өте шығыпты. Осы аралықта Әлжан қаншама жана үйлерге орнататын әсем безендірілген темір есіктер, темір қақпалар жасап шығарды. Сондай-ақ, бастырмалар мен темір шарбақтар жасап көптің батасын алды. Бұл күндері Шиелі ауданы Нартай Бекежанов ауылының тұрғыны Әлжан Исмаханов аудандағы мықты деген темір ұсталарының қатарына қосылды. Тапсырыстар да көп, сол үлкен шығу үшін оған уақытпен санаспай таңертең ерте, кешқұрым да жұмыс жасауға тура келуде.

– Осы кәсібіме төселіп алған секілдімін. Сондықтан да аз, көп демеймін қанша жұмыс істесем де шаршамаймын. Өйткені, бұл менің сүйікті ісім. Үкімет пен жергілікті атқарушы орындар да кәсіптің керексін кенейтуге мүмкіншілік жасап, қолдап отыр. Бұл жалпы халықтың әлеуметтік жағдайымен, әлеуетін көтеретін мәселелер. Біздің еңбегіміз тұтынушыларға ұнаса, зор мәртебе, – дейді Әлжан қашанғы сабырлы қалпында.

Иә, талапты ерге нұр жауар демекші, оған ісіннің берекесін берсін дейміз.

Н.НАЗЫМХАНҰЛЫ.
Шиелі ауданы,
Керделі ауылдық округі.





ҰЛТТЫҢ ҰЛЫ ТҰҒЫРНАМАСЫ



Аймақ басшысы мұнан әрі ұлттық құндылықтарымыздың ішінде жыршы-жыраулардың алатын орны ерекше екеніне тоқталды. Осы жыршылық өнерді жас ұрпаққа насихаттау, түркі халықтарының ұлттық фольклорлық-музыкалық өнерін дәріптеу және өзара мәдени байланысты нығайту мақсатында Халықаралық «Қорқыт және Ұлы Дала сазы» фольклорлық музыкалық өнер фестивалін өткізу дәстүрге айналды. Фирлоусидің «Шахнамасынан» Тұрмағамбеттің «Шахнамасына» айналған әлемнің жыр жауһары – «Шахнама» ауди-оэциклопедиясы жарық көрді. «Сырдария кітапханасымен» 200-ге жуық жерлесіміздің кітаптарын басылды. Елбасының тапсырмасымен қайта құрылымдаудан өткен Қорқыт Ата мемориалдық кешені бүгінде туристер табан тірейтін орынның біріне айналды. Олан бөлек аймақта басқа да тарихи орындар жеткілікті. Соның бірі – Сығанақ. Үкімет басшысы Бақытжан Сағынтаев облысымызға сапары барысында сол тарихи орында болды.

Елдің келешегі жастар десек, облыста оларды қолдау мақсатында түрлі шаралар жүргізілуде. Солардың бірі ретінде Ресейдің жетекші оқу орындарында Қызылордадан 400-ге тарта жастарымыз алып жатқанын ерекше атап өтуге болады. Олар өндіріске аса қажетті мамандықтарға машықтанып, жаңа технологиялардың қыр-сықын меңгеруде. Жастар – ел ертені, келешек иелері. Өз сөзін өңір жетістіктерін саралау арқылы қорытындылаған облыс әкімі Қорқыт ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университетінің ректоры, техника ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА корреспондент мүшесі Қылышбай Бисеновті мерейлі 60 жасымен құттықтап, Елбасының, ҚР Мемлекеттік қатшысы Гүлшара Әбдіхалықованың алғыстарын, облыстың «Құрмет» грамотасын табыстады.

Аймақтық семинар-кеңесті жүргізген ҚР Президенті Әкімшілігі Ішкі саясат бөлімінің меңгерушісі Аида Балаева Сыр өңірінде атқарылып жатқан жұмыстар көп аймаққа үлгі боларлық екенін жеткізді.

Мемлекеттік саясатты жүргізуде БАҚ өкілдерінің де алар орны ерек-

ше. Президенттің рухани жаңғыруға серпін беретін мақаласынан туындайтын мәселелерді көпшілікке насихаттауда да журналистерге елеулі міндеттер жүктелетіні белгілі. Осы орайда, «Егемен Қазақстан» республикалық газеті» АҚ Баскарма төрағасы Дархан Қыдырәлі баяндама жасады. Оның сөздеріне сүйенсек, «Егемен Қазақстан» газетінде рухани жаңғырумен сабақтасатын 350-ден астам мақала жарияланған. Мемлекет басшысының мақаласы жарық көргеннен бастап, ол қоғамда қызу талқыланып, жұртшылық тара-



пынан қолдау тапқан. Әсіресе, ұлттық кодты жаңғырту, латын әліпбиіне көшу мәселелері шетелдерде де талқыланған. Аталған газетте 30-дан астам шетелдік мамандар мен сарапшылардың пікірі берілген. Сондай-ақ, бұл газетте Елбасының «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласында айтылған тапсырмаларды жүзеге асыру мақсатымен 18-35 жас аралығындағы журналистер арасында «Туған жер: көне тарихтың көмбесі» тақырыбында жазылған үздік материалдарға байге жариялаған болатын. Байқау талаптарын бойынша үміткерлер туған жер, киелі орындар мен көрікті мекендер тақырыбын қамтыған тарихи-танымдық, зерттеу мақалалары мен фоторепортаждарын жолдауы тиіс еді. Соған орай, редакциямызға ел өңірлерінен 20-дан аса материал келіп түсті. Редакция алқасынан құралған конкурстық комиссия осы материалдармен жеке-жеке танысып, ең үздіктерін іріктелді. Нәтижесінде, облыстық «Ақмешіт жастары» газетінің тілшісі Айдаана Жұмадинова «Үздік танымдық материал» номинациясымен марапатталды.

«Егемен Қазақстанның» бұл тұрғыдан келгенде көпке үлгі болатындай еңі бар. Арнайы айдарлар ашылып, тың материалдар жарық көрді. Сыр еліндегі басылым беттерінде де 60-қа жуық мақала басылғанын айта кеткен дұрыс. Халықтың рухани сұранысын өтеу үшін халықтың тыныс-тіршілігін білу қажет. Бұл тұрғыдан алғанда облыстағы БАҚ өкілдері елмен етене жұмыс жасауда деуге болады.

Бағдарламалық мақалада айтылған тағы бір жайт жүз жаңа тұлғамен байла-

нысты. Осы ретте әр кезеңнің өзіндік бетке ұстар қайраткерлері болатынын айтып өткен абзал. Тәуелсіздік алғалы бергі ширек ғасыр ішінде біздің еліміздің де көпке үлгі етерлік қаһармандары пайда болғанын мойындауымыз қажет. Олар өнер, білім, спорт, тіпті, қорғаныс салаларында да кездеседі. Мұндай адамдарды әрбір елді мекеннен кездестіруге болады. «Қоғамдық келісім» РММ директорының кеңесшісі Нұрлан Жанәбөловтің жасаған баяндамасы осы негізге өбрді.

Жаңғыру мәселесіне келгенде жастарға тоқталмаса болмайды. Өйткені, елдің ертенгі тізгіні солардың қолында. Түптеп келгенде, «Мәдени мұра» деп өткенімізді түгендеп, тарихымызды бүгіндеп, жас ұрпаққа қалдырар мирас жинақтадық. «Жастар ғылыми-зерттеу орталығының» директоры, саясаттанушы Талғат Қалиев «Жастар ортасына қоғамдық сананы жаңғырту құндылықтарын енгізу» тақырыбында сөз қозғады. Егер жастар толыққанды жаңғыруға ден қойса, онда бүкіл қоғам жаңғырар еді. Сол себепті, оларға болашағы жарқын болатын бағыттарды көрсетуіміз керек. Табысқа жетудің жолын



рухани құндылықпен байланыстырғанымыз абзал. Оның негізгі дырыс отбасын құруда, салауатты өмір салтын ұстануда, көпке үлгі болатындай тұлға болып қалыптасуда жатқанын айтуға тиіспіз. Бұл жерде сананы жаңғырту да бар. Саясаттанушы Ерлан Саи-ров бұл мәселені жетістіктер диалектика-сы тұрғысынан тарқатып берді. Сана деген-ге қоғамдық және ұлттық тұрғыдан қарау қажет. Оның алғашқысы бұл қоғамдық өмірді сипаттайтын адамдардың рухани құндылығына қатысты. Ал, екіншісі ұлттар мен этностардың рухани дамуымен тікелей байланысты. Ұлттық санаға келген-де сол елдің әдет-ғұрпы мен өмір салттары, діни, философиялық көзқарастарын, тарихи құндылықтарын негізге алады. Рухани жаңғырудың міндеті де осында жатыр. Қазір өмір өзгеріп келеді. Жастар соған ілес-се білгені дұрыс. Қазір ақпараттың жылдам тарайтын заманы. Әлем бойынша бір секунд-

та 10 сайт ашылады екен. Тіпті, бір дегенде 3 миллион хат жіберіледі. Біздің балаларымыз осы үдерістерден қалып қоймауы керек.

Әрбір елдің өзіндік ұлттық идеясы бо-лады. Әлемді аузына қаратып отырған Қытай мен Жапонияны да табысқа бастаған өз елдерінің ұлттық идеясы. Шынтауайты-на келгенде, сана жаңғырмаса болмайды. Мұның бәрі, түптеп келгенде, халқымыздың ұлттық бірегейлігінің негізін құрайды. Ұлтты ынтымаққа ұйыстырудың да, туған елі мен жеріне деген сүйіспеншілігін нығайтудың да басында болашаққа негізделген бағдар жатыр. Қазір Қазақстанның ұстанымы берік, мақсаты айқын. Ол дамыған отыз елдің қатарына кіру. Елбасының 2012 жылдың 13 желтоқсанында «Қазақстан-2050»: қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты стратегиялық Жол-дауында осы мақсат көзделген.

Рухани жаңғыру бүгін басталған іс емес. Тәуелсіздік алған тұстан бастап мемлекетіміз Мәңгілік ел құру жолын-да келеді. Қазақстандықтар бұл жолда аян-бай еңбек етуде. Сонау «Мәдени мұра» бағдарламасының өзінде талай жогымыз түгелденді. Тарих, археология, этнография мен мәдениет бойынша бір жарым миллионнан асатын 537 кітап жарық көрді. Қаншама тари-хи орындарымыз қорғауға алынды. Анырақай шайқасы туралы іргелі зерттеулер жүргізілді. Тіпті, көшпенділер мәдениетінің әлемдік казынасындағы үлесіне ерекше көңіл бөлінді. Шара барысында «Қазақпарат» агенттігінің басшысы Асқар Омаров рухани жаңғыруға бағытталған мақалалардың санын арттыру қажеттігіне тоқталды. Қазір аталған ақпарат агенттігі күніне 130 ақпарат шығарады екен. Ақпарат кеңістігіне шпаккан материалдардың 20-30 рухани жаңғырумен тікелей бай-ланысты. «Халық тарих толығында» бағдарламасы арқылы барлық тарихи кезеңдер бойынша алдыңғы қатарлы зерттеу-лер жүзеге асты. Енді алдағы уақытта осы жетістіктерімізбен тоқтап қалмау мақсаты тұр. Президентің «Болашаққа бағдар: руха-ни жаңғыру» атты бағдарламалық мақаласы осы идеяларды көздейтін жұмыстарды әрі қарай жалғастыруға мүмкіндік береді.

Аймақтық кеңесті қорытындылаған ҚР Президенті Әкімшілігі Ішкі саясат бөлімінің меңгерушісі Аида Балаева бағдарламалық мақаладан туындайтын міндеттерді тарқатып айтып, идеологиялық активтің алдын-да тұрған мәселелерге тоқталды. Халыққа мақалада ұсынылып отырған бастамалар мен жобаларды түсіндіріп қана қоймай, олар-ды жүзеге асырудың жолдарын қолға алуы-мыз қажет. Бұл мақсатқа аймақтық ішкі са-ясат, мәдениет, әлеуметтік қорғау, басқа да бөлімдер бірлесіп барлық саладағы жұмысты жандандыруы тиіс. Қоғамдық са-наны жаңғырту арқылы рухани жаңғырудың биігіне жетеміз.

Азиз БАТЫРБЕКОВ.
Нұрболат НУРЖАУБАЙ (сурет).

«БАЙҚОҢЫРДЫҢ» ЕКІНШІ ТЫНЫСЫ

МОНОҚАЛАДАН ТЕХНОЛОГИЯ МЕН ӨНЕРКӘСІП ОРТАЛЫҒЫНА

ҚР Президентінің Байқоңыр кешені бойынша арнаулы өкілі Серік Қожаниязовтың айтуынша, Байқоңырды жоғары технологиялық өндірісті дамыту үшін үлкен қуаты бар және бүгінгі күндері оны ғарышқа бағытталған моноқала есебінде ғана емес, өнеркәсіп пен жоғары технология орталығы ретінде дамыту жоспарланып отыр. Бұл бірінші кезекте аймақ экономикасын әртараптандыруға байланысты болып отыр.

– Аталған мәселелер Ресей мен Қазақстанның Мемлекет басшылары Байқоңыр кешенін жаңа деңгейдегі ынтымақтастыққа көтеру мақсатындағы тапсырмасына сәйкес жүзеге асырылуға бағытталғанын атап өткен жөн. Біз ынтымақтастық саласында жалға алу қатынастарынан қаланың техникалық және ғылыми қуатын арттыруды бірлесіп дамыту бағытында біртүптен көшетін боламыз. Қазіргі таңда осы мәселелерді шешу үшін үлкен қаламдар жасалу-да. «МАКС-2017» авиажарыштық салонындағы біздің кездесулер осы бағыттағы бірден-бір қадам болып саналады. Көрмеге қатысушылар әлемдік жаңа технологияны көрсетуде, оның ішінде бізге маңызды аэрокосмостық технологиялар да бар. Байқоңырдың болашағы жоғары технологиямен, оның ішінде сандық жағынан мүмкіндігі мол, оларды әлемдік трендтерді ескере отырып дамыту аса маңызды, – деді Серік Қожаниязов.

Сондай-ақ, қазақстандық тарап әскери-өндірістік кешенде ресейлік «Роскосмос» корпорациясымен ынтымақтаса жұмыс жасауға дайын екенін атап өтті. Бір атап өтерлігі, екі ел арасындағы келіссөздер осы жылғы 18-23 шілде аралығында Ресей Федерациясының Жуковск қаласында өтіп жатқан «МАКС-2017» ХІІІ халықаралық ауе ғарыш салонында жасалды.

Қазақстандық делегация «Роскосмос», «Біріккен әуе құрылыс корпорациясы» павильондарына барып, ұсынылған экспонаттармен танысты.

«МАКС– 2017»: АВИАҒАРЫШТЫҚ ЖЕТІСТІК

«Халықаралық авиажарыштық салоны» бүгінде әлемдегі ірі авиа форумдардың бірі болып табылады. Оның тарихы қалада осыдан 25 жыл бұрын өткізілген Жуковскілік «МосАэроШоу»-дан бастау ала-ды. Бұл жолы МАКС-тың шарасына әлемнің 36 елінен, ресейлік 700, шетелдік 180 компания қатысты. Ұйымдастырушылардың сөзіне қарағанда, МАКС-та өткізілген шараның мақсаты – ресейлік жоғары технологиялардың жетістігін көрсету. Бұл шара Ресей Президентінің басшылығымен өткізіледі. Бұл жерде авиа-ғарыштық салаға қызығушылық танытқандарға оның жаңа мүмкіндіктерімен танысуға кедергі жоқ.

Шара барысында жаңа ресейлік авиа ұшақтарды ұшыру жұмыстары ұйымдастырылып, конференциялар, дөңгелек үстелдер, брифингтер өткізілді.

БОЛАШАҚ МАМАНДАРЫ

Бұдан бөлек, Мәскеу қаласына жұмыс сапары барысында аймақ басшысы М.В.Ломоносов атындағы ММУ ректоры В.Садовничий, «МИСиС» Ұлттық университетінің ректоры А.Черниковамен және бірқатар ресейлік кәсіпкерлер тобымен кездесулер өткізді. Жоғары оқу орындары ректорларымен кездесу кезінде мамандар дайындау мақсатында ынтымақтастық мәселесі қозғалды. Қазіргі таңда Сыр елінің 400-ге тарта жастары Ресейдің техникалық оқу орындарында білім алуда. Қазір облыста әртараптандыру жұмыстары жүргізіліп жатқандықтан бұл мамандар аймақ экономикасын көтеруге септігін тигізеді деген сенімде. Жанакорған ауданында тау-кен металлурги-ясын әртараптандыру бағытында «МИСиС» ұлттық-технологиялық университетімен ынтымақтастық орнату көзделген. Өз кезегінде уни-верситет ректоры А. Черникова аймақ басшысымен 2018 жылы оқу орнының 100 жылдық мерейтойына шақырды. Айта кетейік, бұл университеттің негізі 1918 жылы қаланған. Онда әлемнің 69 елінен студенттер оқиды. Сондай-ақ, жоғары оқу орны 1500 әлемдік компа-ниямен ынтымақтастық орнатқан. Олардың 1200-ден астамында осы оқу орнының студенттері зертхана мен тағылымдамадан өтеді.

Ректордың сөзіне сүйенсек, университет 2020 жылға қарай ме-таллургия, тау-кен ісі, нано және IT технология бойынша білікті ма-мандар даярлауда көпбасшы салаға айналуды мақсат етіп отыр. Бұл тұрғыдан келгенде аталған оқу орнымен ынтымақтастық орнату болашақ мамандар даярлауға үлкен мүмкіндік береді.

Әмнана РАХЫМ.
Қызылорда-Мәскеу-Қызылорда.

ЖАРИЯ ТЫҢДАУ ӨТКІЗІЛДІ

Бейсенбі күні «Қаз-ТрансГаз Аймақ» АҚ Қызыл-орда өндірістік филиалының газ тартату жүйелері арқылы тауарлық газды өткізуді бойынша жоспарланған шекті баға деңгейіне қатысты жария тыңдау өткізілді. Оған мемлекеттік орган өкілдері, қоғам қайраткерлері, ардагерлер, тұтынушылар мен БАҚ өкілдері қатысты.

«ҚазТрансГаз Аймақ» АҚ Қызылорда өндірістік филиалының басшысы Талғат Қызылбаев баяндамасына сүйенсек, аймақ көлемінде қаладан бөлек 4 аудан орталығына газ тартылған. Сондай-ақ, Байқоңыр қаласында квартилшілік газ тартату желілерінің құрылысы жүргізілген. Осы сынды мәліметтерді алға тартқан Талғат Жетпісбайұлы әлі күнге дейін аудан орталықтарындағы мекемеде маман жетіспеуітінін тілге тиек етті.

– Бұған дейін аудандарда 2 адамнан жұмыс жасады. Оның бірі – сол өңірдегі газ шаруашылығының басшысы. Енді бір барлық өңірде авариялық қызмет көрсету топтарын ашуды көздеп отырмыз. Бұл мақсатта 100 адамды жұмысқа қабылдау жо-спарланды. Тиісінше олар жергілікті жердің тұрғындары болады. Сол жұмысшылардың айлық табысы мен басқадай шығындарын өтеу үшін газ-ды 2 теңгеге қымбаттату ұсынылып отыр, – деді Т.Қызылбаев.

Шараға қатысушылар авариялық қызмет көрсету топтарын құруды қолдайтындығын, дегенмен, газ бағасын өсіру мәселесін қайта қарау қажеттігін айтты.

А.ЖҰМАДИЛАУЛЫ.

ТАРИФТЕР НЕГІЗСІЗ ӨСІРІЛМЕЙДІ

Өңірлік коммуникациялар қызметінде ҚР Ұлттық экономика министрлігі Табиғи монополияларды реттеу, бәсекелестікті және тұтынушылардың құқықтарын қорғау комитетінің Қызылорда облысы бойынша департаменті 2017 жылдың І жартыжылдықтағы қызметінің қорытындысы туралы бұқаралық ақпарат құралдарының өкілдері үшін брифинг өткізді. Департамент басшысының міндетін атқарушы Гүлмира Өтегенова бүгінгі таңда жүргізіліп жатқан тарифтік саясаттың негізгі бағыттары: инфляцияға тарифтердің шекті салымы төңірегінде реттелетін қызметкерге тариф бекіту, ТМС инвестициялық міндеттемелерін орындауды бақылау және бәсекелестік саласында заннамаңын бұзылуын алдын алу, анықтау мен тергеу, жолын кесу, адал бәсекелестікті дамыту екендігін жеткізді.

2017 жылдың басынан бастап реттелетін коммуналдық қызметтердің

тарифі, сумен жабдықтау қызметінің тарифін қоспағанда өткен жылғы баға деңгейінде қалды.

Ағымдағы жылдың І жартыжылдығында департаментке 16 қызмет түрі бойынша 15 өтінім түсіп, олардың 6-ы ұсынылған құжаттары белгіленген талаптарға сәйкес болмауына байланысты қараудан бас тартылды. 2 субъектінің өтінімі қайтарып алынып, 7 өтінім бекітілді. Тарифтерді бекіту бойынша өтінімдерді қарау нәтижесінде тарифтер деңгейі төмендетіліп, 2676,5 млн теңге үнемделді.

Гүлмира Сейітбекқызының айтуынша, департамент ҚР Кәсіпкерлік кодексінен басшылыққа алып, 2016 жыл бойынша электр энергиясын бөлшек саудада сату бағасына сараптама жүргізіп, нәтижесінде 2017 жылдың І тамызынан бастап облыстағы электр энергиясының бағасы 1 кВт/сағатқа қосымша күнсыз 3,3 пайыздан 8,2 пайызға дейін төмендетілді.

2016 жылы тарифтік сметалардың орындауына жүргізілген тал-

АЗЫҚ-ТҮЛІК БАҒАСЫНЫҢ ТҰРАҚТЫЛЫҒЫ – БАСТЫ НАЗАРДА

Облыс көлеміндегі әлеуметтік азық-түлік тауарлары бағасын тұрақты ұстау үшін ауқымды жұмыс жүргізілуде. Соған сай облыс әкімінің тікелей тапсырмасымен негізгі тұтыну тауарларының бағасын қалыптастырған азық-түлік дүкендер ашылу-да. Тұрақтандыру қоры арқылы облыс орталығы мен аудандарға арзан өнімдер жіберіледі. Жакында облыс әкімінің қаулысымен азық-түлік тауарларының тұрақтандыру қорына 200 млн теңге қаржы трансферттік негізде бөлініп, ұн, картоп, құбағыс майы сияқты өнімдер сатып алынууда.

Аймақта азық-түлік бағасын тұрақтандыру бағытында атқарылып жатқан онтайлы жұмыстар орайын облыстық ішкі саясат және ауылшаруашылық басқармаларының ұйымдастырған пресс-туры барысында көзімізбен көрілді.

«Қызылорда қаржы компаниясы» ЖШС директоры Лаура Жанасбаеваның айтуынша, «Байқоңыр» Әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациясы арқылы өңірлік азық-түлік тауарларының тұрақтандыру қорына 2011 жылдан бастап бүгінгі күнге дейін 3313,8 млн теңгеге 47 189,7 тонна көлеміндегі азық-түлік өнімдері сатып алынған. Қазіргі таңда тұрақтандыру қорында жалпы құны 207,3 млн теңгенін 1753,6 тонна өнімі бар.

Тұрақтандыру қорының өнімдері бүгінгі күні тікелей қоймадан және Қызылорда қаласының шағын аудандарында орналасқан әлеуметтік 14 және аудан орталықтарынан ашылған 6 әлеуметтік дүкен және Қызылорда қаласындағы 10 сауда дүкенімен әріптестік келісім-шарт арқылы өткізілуде. Тұрақтандыру қорының жыл басынан бері 223,9 млн теңгенің 1185,1 тонна өнімі сатылған.

Аудан орталықтарында арзан бағада

азық-түлік өнімдерін, оның ішінде жергілікті шаруа қожалықтарының өндірген өнімін тікелей сатуды ұйымдастыру мақсатында әлеуметтік дүкендер ашу жөнінде үш жақты меморандумға қол қойылды. Бүгінгі таңда кәсіпкерлермен келісім-шарттар жасалып, әлеуметтік дүкендер жұмыс жасауда. Алта сайын Қызылорда қаласындағы ұйымдастырылатын жәрмеңкелерге тұрақтандыру қорының өнімдері сатылып жүр. Жыл басынан бері осындай жәрмеңкелерде 140,7 млн теңгенін 78,1 тонна өнімдері сатылды.

Тұрақтандыру қорына сатып алынған картоптың сату бағасы келісіне 120 теңгеден сатылып, маусым айында 200-250 теңгеден сатылған картоптың бағасын біршама төмендетуге он әсерін тигізді. Көлік үстінен көшелерді аралап, базар маңында картоптың бағасы 120 теңгеден сатылды. Қазіргі таңда әлеуметтік дүкендерде картоптың келісі 90 теңгеден босатылуда.

Аудан орталықтарындағы әлеуметтік дүкендерге тұрақтандыру қорының өнімдері «Байқоңыр» ӘКК» ҰҚ» АҚ-ның транспорттық көліктерімен жеткізіліп тұр.

Биылғы жылы құрылысы жоспарланған 5 әлеуметтік дүкеннің бүгінгі күнге екеуі са-

лынып, оның біреуі үстіміздегі жылдың сәуір айында «Шаңхай» шағын ауданында ашылса, екіншісі шілде айының аяғына «Арай-2» шағын ауданында пайдалануға беріледі.

Ауыл шаруашылығы өнімдерін өндірушілердің өз өнімдерін делдалсыз тікелей тұрғындар сатуына жағдай жасау мақсатында 4 дүкен шаруашылықтарға берілді. Мысалы, «Универсам» шағын ауданындағы әлеуметтік дүкен күріш, сиыр етін сату үшін Қазалы ауданындағы «Сыр маржаны» ЖШС-на, ескі базарда жұмыртқа, тауық өнімдерін сату үшін Шилек ауданындағы «Мөлдір и К» толық кәсіпестігігіне бір дүкен, Төле би көшесінде балық өнімдерін сатуға «Тоған» шаруа қожалығына, бір дүкен, «Мерей» шағын ауданында «Гринхауз» шаруа қожалығына ет, күріш және басқа өнімдерін сатуға бір дүкен иеліктеріне берілді.

Халық тығыз орналасқан жерлерден әлеуметтік дүкен ашылуына өнім өндіруші де, тұтынушы да дән риза. Себебі базар бағасынан 20-30 пайыз арзан азық-түлік сатып алу кімкінің болса да арманы.

Тұрақтандыру қоры арқылы көкөніс-жеміс өнімдерін жыл бойы қалыпты температурада сақтайтын тоңазытқыш кондырғыларымен

жабдықталған сыйымдылығы 2500 тонналық сақтау қоймасы салынууда. Жалпы құны 285 млн теңгені құрайтын қойма үстіміздегі жылдың қыркүйек айында пайдалануға беріледі деп күтілуде.

– Жергілікті тауар өндірушілерді қолдау мақсатында наурыз айында «Тоған» шаруа қожалығымен 25 млн теңгеге 500 тонна картоп өнімінің келісін 50 теңгеден сатып алу жөнінде форвордтық негізде келісім-шарт жасалды. Дайын өнім қыркүйек-қазан айларында жеткізіледі деп күтілуде. Жалпы тұрақтандыру қорының өнімдерін тұрғындарға тиімді бағада ұсынылып, нарықтағы өнімдердің бағасын тұрақтандыру бағытындағы атқарып жатқан шаралар өзінің он әсерін беруде, – дейді Лаура Сактағанқызы.

Бұл жұмыстар алдағы уақытта да өз жалғасын табатын болады. Осыған байланысты облыс көлеміндегі жергілікті тауар өндірушілердің өнімдерін тікелей халыққа сатуды ұйымдастыру жоспарлануда. Ол үшін Қызылорда қаласынан 20 модульдік типтегі дүкеннің құрылысы үшін облыс әкіміне ұсыныс жолданып, қаржы көздері қарастырылуда.

Женісбек АЙЫМҚҰЛОВ.

ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСТЫҚ МӘСЛИХАТЫНЫҢ ШЕШІМІ
« 14 » шілде 2017 ж. № 127 Қызылорда қаласы 14 сессия

«2017-2019 ЖЫЛДАРҒА АРНАЛҒАН ОБЛЫСТЫҚ БЮДЖЕТ ТУРАЛЫ» ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСТЫҚ МӘСЛИХАТЫНЫҢ 2016 ЖЫЛҒЫ 12 ЖЕЛТОҚСАНДАҒЫ № 71 ШЕШІМІНЕ ӨЗГЕРІСТЕР ЕНГІЗУ ТУРАЛЫ

Мемлекеттік тіркеу № 5901

2017 жылғы 17 шілде

«Қазақстан Республикасының Бюджет кодексі» Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 4 желтоқсандағы № 95-IV қолданысқа 106-бабының 4-тармағына, «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қарашадғы № 148 Заңының 6-бабының 1-тармағының 1) тармақшасына сәйкес Қызылорда облыстық мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. «2017-2019 жылгага арналган облыстык бюджет туралы» Кызылорда облыстык мәслихатының 2016 жылғы 12 желтоқсандағы № 71 шешіміне (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде 5672 нөмірімен тіркелген, 2016 жылғы 24 желтоқсанда «Сыр бойы» және «Кызылординские вести» газеттерінде жарияланған), 2016 жылғы 26 желтоқсанда «Әділет» ақпараттық-құқықтық жүйесінде жарияланған) мынадай өзгерістер енгізілді:

1-тармақ жаңа редакцияда жазылсын:
«1. 2017-2019 жылдарға арналған облыстық бюджет тиісінше 1, 2 және

1) кірістер – 174 801 940,1 мың теңге, оның ішінде:

салықтық түсімдер – 9 217 033,0 мың теңге;
салықтық емес түсімдер – 2 234 230,2 мың теңге;
негізгі капиталды сатудан түсетін түсімдер – 8 300,0 мың теңге;
трансферттер түсімі – 163 342 376,9 мың теңге;
2) шығындар – 173 716 406,0 мың теңге;

3) таза бюджеттік кредиттеу – 7 429 518,7 мың теңге;
бюджеттік кредиттер – 10 973 651,5 мың теңге;
бюджеттік кредиттерді өтеу – 3 544 132,8 мың теңге;
4) қаржы активтерімен операциялар бойынша сальдо – 807 549,0 мың теңге;
қаржы активтерін сатып алу – 807 549,0 мың теңге;
мемлекеттің қаржы активтерін саудан түсетін түсімдер – 0;

5) бюджет тапшылығы (профициті) – 7 151 533,6 мың теңге;
6) бюджет тапшылығын қаржыландыру (профицитін пайдалану) – 7 151 533,6 мың теңге.»;
аталған шешімнің 1-қосымшасы осы шешімнің қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. Осы шешім 2017 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі және ресми жариялауға жатады.

**Қызылорда облыстық мәслихатының
14-сессиясының төрағасы,
облыстық
мәслихатының хатшысы
Н. Байқадамов**

Қызылорда облыстық мәслихатының 2017 жылғы «14» шілдесіндегі 14-сессиясының № 127 шешімінің қосымша			
Қызылорда облыстық мәслихатының 2016 жылғы «12» желтоқсандағы 10-сессиясының № 71 шешімінің 1-қосымша			
2017 ЖЫЛҒА АРНАЛҒАН ОБЛЫСТЫҚ БЮДЖЕТ			
Саты	Сымабы	Сымабы	Сымабы, мың теңге
	Ішкі сымабы	Ағуымы	
		1. Кірістер	174 801 940,1
1		Салықтық түсімдер	9 217 033,0
01		Табыс салығы	4 994 751,0
03		2 Жеке табыс салығы	4 994 751,0
		3 Әуеметтік салық	4 205 517,0
		1 Әуеметтік салық	4 205 517,0
05		Тауарларға, аумақтарға және қызметтерге салынатын ішкі салықтар	16 765,0
		3 Табығы және басқа да ресурстарға пайдаланғыны үшін түсетін салықтар	16 765,0
2		Салықтық емес түсімдер	2 234 230,2
01		Мемлекеттік меншіктен түсетін кірістер	12 220,0
		1 Мемлекеттік кәсіпорындардан тәзі кірістері болынғын түсімдері	12 200,0
		5 Мемлекеттік меншіктің мүлкіні жаңа беруден түсетін кірістер	17 120,0
04		7 Мемлекеттік бюджеттен берілген кредиттер бойынша сыйақылар	182 891,0
		Мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылатын, соңында Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің бюджетінен (шығыстар сметасынан) қамтылатын және қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелер салатын алымдар, өсіп-сүюлер, ссипандар, өндіріс алулар	610 857,0
		1 Мұнай секторы ұйымдарының түсімдері түсімдері қосындысы, мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылатын, соңында Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің бюджетінен (шығыстар сметасынан) қамтылатын және қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелер салатын алымдар, өсіп-сүюлер, ссипандар, өндіріс алулар	610 857,0
06		Басқа да салықтық емес түсімдер	1 411 162,2
		1 Басқа да салықтық емес түсімдер	1 411 162,2
3		Негізгі капиталға сәтуден түсетін түсімдер	8 300,0
01		Мемлекеттік мекемелерге бекітілген мемлекеттік мүлкіні сату	8 300,0
		1 Мемлекеттік мекемелерге бекітілген мемлекеттік мүлкіні сату	8 300,0
4		Трансферттердің түсімдері	163 342 376,9
		1 Төмен түрлі мемлекеттік басқару орындарынан трансферттер	568 803,9
		2 Аумақтық (қалалық) бюджеттерден трансферттер	568 803,9
02		Мемлекеттік басқарудың жоғары түрлі орындарынан түсетін трансферттер	162 773 573,0
		1 Республикалық бюджеттен түсетін трансферттер	162 773 573,0
Финансылық топ			
Бюджеттік бағдарламалардың әкімшісі			
		Бағдарлама	Ағуымы
		2 Шығындар	173 716 406,0
01		Жалпы сипаттағы мемлекеттік қызметтер	3 144 860,9
110		Облыс мәслихатының аппараты	53 885,0
		001 Облыс мәслихатының қызметі қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер	53 885,0
120		Облыс әкімінің аппараты	2 066 255,8
		001 Облыс әкімінің қызметі қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер	1 716 081,1
04		Мемлекеттік органдарының құрастыр шығыстары	197 641,7
		007 Несметталмаған бағынамысты мемлекеттік мекемелерінен және ұйымдардың құрастыр шығыстары	5 071,0
09		Аумақтық мағыналы бір қалалардан, аумақтардан, кенттерден, аумақтық өкілдерден жөніндегі сайлауды қамтамасыз ету және өкілді	31 626,0
013		Облыс Қазақстан халқы Ассамблеясының қызметі қамтамасыз ету	115 836,0
257		Облыстың қаржы басқармасы	106 619,0
		001 Жергілікті бюджетті ақтары және коммуналдық меншікті басқару салысындағы мемлекеттік ссипандар, өсіп-сүюлер жөніндегі қызметтер	104 068,0
099		Жекеменшіктер, коммунальдік меншікті басқару, жекеменшіктендіруден кейінгі қызмет және осыған байланысты аударлар реттеу	2 050,0
013		Мемлекеттік органдарының құрастыр шығыстары	800,0
258		Облыстың экономика және бюджеттік жоспарлау басқармасы	158 442,2
001		Экономикалық ссипандар, мемлекеттік жоспарлау жүзесін қамтамасыз ету мен даму салысындағы мемлекеттік ссипандар және ақтары жөніндегі қызметтер	150 072,2
061		Бюджеттің инвестициялар және мемлекеттік-жекеменшік ирістігіне, оның ішінде қоғамдық мекемелері жөніндегі қаржыларын ссипандар және бағалы	8 370,0
263		Облыстың ішкі ссипат басқармасы	134 857,0
078		Өңірде діни аумақтық әкімдер және тақулар	134 857,0
282		Облыстың тексеру комиссиясы	183 571,0
		001 Облыстың тексеру комиссиясының қызметі қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер	183 571,0
288		Облыстың қырыясы, суылет және қала құрылысы басқармасы	185 691,0
061		Мемлекеттік органдарының объектілерінің дамуы	185 691,0
289		Облыстың қосынды және түрлім басқармасы	141 726,9
001		Жергілікті деңгейде қосынды және түрлім дамуы салысындағы мемлекеттік ссипандар және ақтары жөніндегі қызметтер	141 726,9
718		Облыстың мемлекеттік ссипат алу басқармасы	51 567,0
001		Жергілікті деңгейде мемлекеттік ссипат алу басқару салысындағы мемлекеттік ссипандар және ақтары жөніндегі қызметтер	51 567,0
730		Қазақстан Республикасы Президентінің «Байбас» кешенділігі арналы өкілді қызметі қамтамасыз ету басқармасы	61 947,0
		001 Қазақстан Республикасы Президентінің «Байбас» кешенділігі арналы өкілді қызметі қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер	61 947,0
02		Қорғаныс	1 538 2

003	Арнайы билим беретін оқу бағдарламасы бойынша жалпы билим беру	970 003,0
004	Обықстық мемлекеттік билим беру мекемелерінде билим беру жүзегін ақыратындау	10 770,0
005	Обықстық мемлекеттік билим беру мекемелер үшін оқулықтар мен оқу-әдебиеттік көпестерді сатып алу және жеткізу	16 565,0
006	Мамамдардың билим беру ұйымдарында арысты балаларға жалпы билим беру	745 274,0
007	Обықстық ақымда мектеп оқималарында, мектептегі тіс іс-шараларды және конкурстар өткізу	146 775,0
012	Дағуымда проблемалары бар балалар мен жасөспірімдері онытау және әлеуметтік бағамдау	265 705,0
019	Обықстық мемлекеттік билим беру мекемелері жасөспірімдерге жоғары көрсеткіштерін үшін гранттар беру	17 091,0
024	Техникалық және кәсіптік билим беру ұйымдарында маманлар дайыру	3 589 027,0
025	Орта билимнен кейінгі билим беру ұйымдарында маманлар дайыру	2 590 138,0
029	Оқимастық ақымы	83 958,0
032	Патенттегі ақымымен қамтулы және жапайы көпестілерді дамыту бағдарламасы шеңберінде қалалардың балалардың атыру, дамыту және қайта дайыру	611 276,0
056	Аудандарда (облыстық маманы бар қалаларда) бөлектерінде тілдік құралдарға оған өзіндік мұқабаларға ұсынымы толу үшін оқу және кәсіптік негізгі қалаларда мамандар дайыру үшін құтылмаларға ұсынымы толу үшін берілген ағылшын және ыскалытық трансфертер	137 394,0
067	Ведомстволық бағыттағы мемлекеттік мекемелері және ұйымдарында құрылған шығарымы	323 173,4
113	Жергілікті бөлектерінде берілген ағылшын маманы трансфертер	799 004,5
285	Обықстық дене шынықтыру және спорт басқармасы	2 561 544,0
006	Балалар мен жасөспірімдері спорт бойынша қосымша балалар	2 255 885,0
007	Мамандандырылған билим беру ұйымдарында спорттың арысты балаларға жалпы билим беру	305 658,0
288	Обықстық құрылымы, сәулелі және қа құрылысы басқармасы	8 866 781,0
008	Аудандарда (облыстық маманы бар қалаларда) бөлектерінде бастауым, негізгі орта және жалпы орта билим беру объектілерін салу және реконструкциялау бастауым бастауым даму трансфертер	48 275,0
011	Мектепте деңгейі тәрбие және оқуға объектілерін салу және реконструкциялау	1 070 280,7
012	Бастауым, негізгі орта және жалпы орта билим беру объектілерін салу және реконструкциялау	1 648 225,3
069	Қосымша билим беру объектілерін салу және реконструкциялау	7 000 000,0
05	Денсаулық сақтау	24 866 461,0
253	Обықстық денсаулық сақтау басқармасы	19 373 894,9
001	Жергілікті деңгейде денсаулық сақтау саласындағы мемлекеттік сақатты қол асыру ағымдағы қосымша	172 045,9
004	Республикалық бюджет қаржылары себептен көрсетілген медициналық көмекті қолдану және, әсіресе медициналық көмек көрсету және санитариялық ағымдағы денсаулық сақтау объектілерін санитариялық және стоматология бағытындағы медициналық көмек көрсету	39 222,0
005	Жергілікті денсаулық сақтау ұйымдары үшін қосымша, оның құрамындағы маманлар дайыру	428 281,0
006	Ана мен балалар қоры ағымдағы көрсеткіштері қымбаттар	141 802,0
007	Сипауымы мен сатын насаттау	174 363,0
008	Қазақстан Республикасында ЖИТ-тің алдын алу және оған қарсы күрес көмектің іс-шаралары іске асыру	272 029,0
009	Туберкулез, ақылсу аурулары, психология, оның ішінде психология және психологиялық ауруларды қолдау бағдарламасы бойынша және негізгі құрылымдар бойынша арнайы ісегенді адамдарға медициналық көмек көрсету	6 027 878,0
011	Республикалық бюджет қаржылары себептен көрсетілген медициналық көмекті қолдану және, әсіресе медициналық көмек көрсету және санитариялық ағымдағы	2 311 935,0
013	Патологиялық аурулардың оның тексеруі жүзегі	56 292,0
014	Халықтың жетексінген санитария амбулаториялары деңгейде арнайы ағымдағы және балаларға арналған және осыдан патологиялық аурулардың өнімдерімен қамтамасыз етілуі	1 138 557,0
016	Ағымдағы сәулелі медициналық және жерінде оқу үшін тегін және қосымша ағымдағы ауруларды қолдау	39 449,0
018	Денсаулық сақтау саласындағы мамандарға тағдымалдық қымбаттар	22 332,0
019	Туберкулез ауруларын науқастарға туберкулез және қоры препараттарын қамтамасыз ету	342 621,0
020	Диабетпен ауыратын науқастарға диабетке қарсы препараттарын қамтамасыз ету	269 639,0
021	Оңалту орталықтары ауруларын ауыратын науқастарға химиялық препараттар қамтамасыз ету	83 336,0
022	Социалды біріккен функцияларын жетілдірілуінің бар, автономиялы, орталық аурулар ауыратын, өмірменді жеткілікті науқастарға, осыдан оңалту орталықтары ауруларын кейінгі науқастарға арналған ағымдағы қамтамасыз ету	612 905,0
026	Генетикалық аурулар науқастарын қызығушылықтарымен қамтамасыз ету	412 634,0
027	Халықтың имундық профилактика жүзегі үшін вакцинациялар және басқа медициналық көмекшілік биологиялық препараттарды орталықтарындағы ағымдағы және сақтау	1 824 492,0
029	Обықстық арнайы медициналық жабықталу балалары	31 410,0
033	Медициналық денсаулық сақтау ұйымдарының құрасты шығарымы	3 917 640,0
036	Тегін мұқабалармен бар науқастарға реабилитациялық препараттарын қамтамасыз ету	7 301,0
038	Тегін медициналық көмекті көпестілерден оған көмең шеңберінде қаржыларын ағытудың ағыту	182 884,0
